

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жиналысының қорытындылары туралы

Астана 2007 жылдың 12-сәуірі. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») 2007 жылдың 12-сәуірінде өткен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында («Жиналыс») «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-нан (ҚМГ ҰК) «Қазгермұнай» БК ЖШС-індегі (ҚГМ) 50 пайыздық қатысу үлесін иемдену жөніндегі шешімнің бекітілгені туралы хабарлайды. Жиналыс Компанияның Бас директорына мәмілені аяқтау үшін барлық тиісті шараларды атқаруға өкілдік берді.

Аталған мәселе бойынша шешім Жиналысқа қатысқан миноритарлық акционерлердің басым дауыс беруімен қабылданды. ҚМГ ҰК бұл мәміленің мүдделі тарапы болғандықтан, дауыс беруге қатыспады. Акционерлер жиналысында Компанияның жарғысына сәйкес, қазіргі Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі 2007 жылдың 30-наурызынан 2010 жылдың 29-наурызына дейін ұзартылды. Жиналыстың күн тәртібіндегі басқа мәселелер де мақұлданды.

Жиналыстың қорытындылары туралы толық есеп Компанияның Интернет-сайтында жарияланған.

Қосымша ақпарат:

ҚМГ БӨ Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі бойынша үшінші компания. Өндіру көлемі 2006 жылы 9,5, млн. тоннадан (тәулігіне 190 баррель) асты. Қазгермұнайдағы 50 % үлесті иелену ҚМГ БӨ Қазақстанда мұнай өндіру жағынан екінші орынға шығуға мүмкіндік береді. Компанияның дәлелденген және ықтимал қоры 2005 жылдың соңындағы жағдай бойынша 205,9 млн. тонна (1,5 млрд. баррель) құрады. Компанияның акциялары Қазақстан қор биржасында листингке, ал ауқымды депозитарлық қолхаттары Лондон Қор Биржасына шығарылды. 2006 жылдың қыркүйек айында IPO кезінде компания 2 млрд. АҚШ долларына жуық қаражат тапты.

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі ҚМГ ҰК төрт өкілін, Компанияның Бас директорын және үш тәуелсіз директорларды қосқанда сегіз адамнан тұрады. Директорлар кеңесінің төрағасы ҚМГ ҰК Президенті Ұ.С.Қараалин.

ҚМГ Ұлттық компаниясы қазақстандық мұнайгаз өнеркәсібінде мемлекеттік мүддесін қорғайды және өзінің еншілес компаниялары арқылы барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау, қайта өңдеу, қызмет көрсетуге дейінгі мұнайгаз бизнесінің барлық аспектілеріне қатысады. ҚМГ ҰК шамамен ҚМГ БӨ-дің қарапайым акцияларының 61 %-ын иеленеді.

Қазгермұнай – өндіру көлемі жағынан Қазақстандағы 8-ші компания. Дәлелденген және ықтимал қоры 2006 жылдың қыркүйек айының соңындағы жағдай бойынша 40.7 млн. тоннаны (310 млн. баррель), 2006 жылы өндіру - шамамен 3 млн.тоннаны (тәулігіне 60 млн. баррель) құрады. ҚГМ екінші қатысушысы PetroKazakhstan Kumkol Resources компаниясы. 2007 ж. 5-наурыз күні ҚМГ БӨ ҚМГ ҰК-сынан Қазгермұнайдағы 50 % үлесін 133,3 млрд. Теңгеге алу туралы келісімін жариялады.

Қосымша ақпараттар алу үшін мына адамдарға хабарласуды сұраймыз:

«ҚМГ» БӨ,) Қоғаммен байланыс (+7 3172 977 908, +7 3172 977 924)

Ләззат Көккөзова

E-mail: pr@kmgep.kz

«КМГ» БӨ», Инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет (+7 3172 975433)

Александр Гладышев

E-mail: ir@kmgep.kz

WMC Communications Ltd (+44 207 930 9030)

Elena Dobson

e-mail: Elena.dobson@wmccommunications.com

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай божам жарияламайды.